

Түлеуова А.М., қазақ тілі мен әдебиеті магистрі, <https://orcid.org/0009-0006-7551-2387>
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, бас редактор,
Жәңгір хан көш., 51, Орал қ., Қазақстан

Tuleuova A.M., master of kazakh language and literature, <https://orcid.org/0009-0006-7551-2387>
West Kazakhstan Agrarian-Technical University named after Zhangir Khan, editor-in-chief, st.
Zhangir Khan, 51, Uralsk, Kazakhstan

**ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СӨЙЛЕМДЕРДІ ПЕРИФРАЗЛАУ ТӘСІЛДЕРІ:
ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ДИДАКТИКАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР
METHODS OF PERIPHRASING SENTENCES IN KAZAKH LANGUAGE: LINGUISTIC
ANALYSIS AND DIDACTIC MATERIALS**

Аннотация

Бұл мақалада білім алушыларды қазақ тіліндегі сөйлемдерді перифразалауға үйретудің әртүрлі жолдары мен тәсілдері қарастырылады. Автор оқытудың әрбір әдісіне лингвистикалық талдау жасайды, сонымен қатар оларды жүзеге асыру үшін дидактикалық материалдар туралы мәлімет ұсынады.

Бұл мақаланың мақсаты – білім алушыларды қазақ тілінде сөйлемдерді перифразалауға үйретудің әртүрлі әдістерін талдау, сонымен қатар оларды жүзеге асыру үшін дидактикалық материалдарды әзірлеу.

Мақалада келесі зерттеу әдістері қолданылады:

- Лингвистикалық талдау: Автор қазақ тіліндегі сөйлемдерді перифразалаудағы әртүрлі тәсілдерге лингвистикалық талдау жасайды.

- Әдебиеттерді талдау: Автор қазақ тілінде перифразаны оқыту тақырыбы бойынша ғылыми әдебиеттерге талдау жасайды.

- Дидактикалық материалдарды әзірлеу: Автор қазақ тіліндегі сөйлемдерді перифразалауды үйретуге арналған дидактикалық материалдарды жинақтайды.

Мақалада келесі нәтижелер берілген: Қазақ тіліндегі сөйлемдерді перифразалауды оқытудың әртүрлі әдістерін талдау.

- Қазақ тіліндегі сөйлемдерді перифразалауды үйретуге арналған дидактикалық материалдарды жинақтау.

Қазақ тілінде сөйлемдерді перифразалауды үйрену – білім алушылардың тілдік құзыреттілігін дамытудың маңызды аспектісі. Оқытудың лингвистикалық тұрғыдан негізделген әдістерін және әртүрлі оқу материалдарын пайдалану білім алушыларға осы дағдыны меңгеруге және олардың тілдік дағдыларын жақсартуға көмектеседі.

Түйін сөздер: *перифразиралау, қазақ тілі, оқыту, лингвистикалық талдау, дидактикалық материалдар*

Key words: *paraphrasing, Kazakh language, teaching, linguistic analysis, didactic materials*

Кіріспе. Перифразалау немесе бір сөйлемді мағынасы жағынан басқа баламасымен алмастыру қазақ тіліндегі маңызды стильдік құрал болып табылады. Бұл тіл үренушілерге өз ойын анық, дәл және бейнелі жеткізуге, сонымен қатар қайталауды болдырмауға мүмкіндік береді. Бұл мақалада қазақ тіліндегі сөйлемдерді перифраза жасауды оқытудың әртүрлі тәсілдері қарастырылады, сонымен қатар оларды жүзеге асыруға арналған дидактикалық материалдар туралы айтылады.

Перифраздар қызметін И.Р. Гальперин [1], Л.В. Грехнева [2], О.Ф. Катаева [3], К.А.Отт [4], И.А. Сидоров [5], М.А. Сириля [6], Л.В. Хамидова [7] және б. зерттеген. Бұл зерттеулер бойынша перифраз бірнеше сөзден құрала отырып, мәтін авторы перифразалайтын затты немесе құбылысты атау үшін (перифраза элементтерінің лексикалық мағыналары арқылы) кең ауқымды құралдарға ие. И.А. Сидоров, Л.В. Грехнева, В.П. Москвин [8] жұмыстарын талдау

перифразаланып отырған нысанды жазушының бағалау, талдау және субъективті қабылдау функциясының бар екендігі туралы сәйкес пікірлерді көрсетті.

Ағылшын тілінде «перифразалау» етістігі – айтылған немесе жазылған ойды, істі, басқаша жолмен жеткізу үшін қолданылады, әдетте сөйлеуші өз ой-пікіріне барынша айқындық беру үшін осы тәсілге жүгінеді: «Paraphrase – to express something that has been said or written in a different way, usually so that it is clearer» (Cambridge Dictionary).

Қазақ тіл білімінде перифраз мәселесін лексикология саласының аясында М.Балақаев, Ө.Болғанаев, Б.Қалиев, Р.Сыздықова, Ө.Ахметов, Ө. Айтбайұлы сияқты зерттеушілер метафора, метонимия, синекдоха, эвфемизм, табу ұғымдарымен сабақтастыра қарастырғаны белгілі. Ал перифразды жеке зерттеу нысаны ретінде Г. Амандықова көркем әдебиет тіліндегі перифраздарды зерттеген, Л. Жеребаева қазақ тіліндегі перифраздардың тілдік табиғатына байланысты диссертация қорғаған.

Қазақ тіліндегі теңеулердің пайда болуы мен қолдану ерекшеліктерін зерттеген профессор Т. Қоңыров перифразды бейнелі синонимдер қатарына қосып, оған мынандай анықтама бере кетеді: «перифраз дегеніміз – затты, процесті, құбылысты өз атымен атамай, басқаша атау, әрі соның негізінде сол заттың, құбылыстың, ең негізгі бір қасиетін келтірінді мағынада қолдана отырып, соны образды түрде сипаттау, анықтау», Қ.Мұхамеджанов «Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің ауыс мағынасы» деген диссертациясында перифразды сөздердің ауыс мағынасына жатқызады, заттың, құбылыстың атауын оның өзіне тән белгілерінен басқа астарлы мағынада суреттеу әдісі – дейді [9].

Тіл білімінде Потебня А.А: «перифраза» дегеніміз - суреттеу атау» («перифраза - описание») [10, 217] деп анықтама береді. Қазақ тіл білімінде осы ойды айтқан З. Қабдолов «қайта айтып беру»[11, 242] дейді.

Ө. Болғанбаев өзінің «Синонимдер сөздігі» атты оқулығының кіріспесінде перифразаны былайша сипаттайды: «Синонимдерді қолданудың тағы бір тәсілі – парафраза. Мұны кейде перифраза деп те атайды. Бұл сөздің мәнісі жеке сөздің орнына оның түсінігін сипаттап беру [12, 5] десе, М. Балақаев, Е. Жанпейісов, М. Томановтар, Б.Манасбаевтардың құрастыруымен шығарылған еңбегінде перифразаларға «перифразаның ерекше бір түрі - эвфемизм» [13, 8] деп анықтама береді. Расында да эвфемизм дегеніміз жағымсыз заттарды сыпайылап, жұмсартып айтуды көздейді, ал перифразалар белгілі бір ұғымды әдеттегіден басқаша сөз орамы немесе сөз тіркесі арқылы түсіндіріп айту болып табылады. Бұл жердегі бір айырмашылық эвфемизм жағымсыз заттарды сыпайылап айту болса, ал перифраза барлық зат атауларына, құбылыстарға тән ұғым, мәселен өтірікші деген сөзді басқаша аузының желі бар, ұры деген сөзді қолының жымқырысы бар, өлді дегенде келмеске аттану, о дүниеге аттану, өсек дегенді сымсыз телефон, ұзын құлақ деп ауыстырып айтуда перифразаны молынан қолдануға болады. Ө. Болғанбаевтың айтқан осы пікіріне сүйене отырып перифраза мен эвфемизмдерді бір – бірімен байланысты ұғымдар деп қарастыруға болады.

«Қазақ тілі. Энциклопедиясында» перифразаға: «Перифраза (ағылшын paraphrase) – сөздің бейнелі мағынада қолдану тәсіліне жататын көркем троптың бір түрі. Перифраза затты, процесті, құбылыстың ең негізгі бір қасиетін келтірінді мағынада қолдана отырып, соны образды түрде сипаттау, анықтау», - деп анықтама береді [13, 259].

Дәстүрлі анықтама бойынша перифраз – зат пен бұйымның, ұғым мен құбылыстың нақты бір қасиет-сапасын бейнелі суреттеу, сипаттау. Бірақ суреттеу, сипаттау үшін алынған тілдік бірлікте сөз тіркесінде сипатталатын заттың, құбылыстың жалпы белгісі анық көрінуі керек (дала кемесі, темір тұлпар). Бұл жерде перифраздың мәтінге тәуелді, кейде тәуелсіз болатындығы байқалады.

Грамматика саласында перифраз терминін қолданудың ертеден келе жатқан дәстүрі бар. Мұның себебі тілдің синтетикалық тұлғаларымен қатар суреттемелі аналитикалық тұлғалардың болуына байланысты деп түсіндіріледі [14, 11], (мысалы, ойлану - ойға шому, ұйықтау-ұйқыға кету, сондай-ақ қосымша мен көмекші етістіктің мағыналас болуын жатқызады: жәрдемдес – жәрдем ет, жымындады -жымың етті, кездесті – кез болды) [15, 17].

Лексиколог ғалым Ғ. Қалиев перифраза ұғымына төмендегідей анықтама береді:

Парафраз, парафраза (грек. Paraphrasis сипаттау, сипаттама, оралым) – 1) сөздің сөз тізбегінің мәнін басқаша түсіндіріп жеткізу (мәтінде мен деудің орнына осы жолдардың авторы делінуі);

2) жай сөздің орнына оның ауыс мағынасын білдіретін сөздердің қолданылуы. Мыс.: арыстан – аң патшасы, жылан – аты жаман, ұры – қолы жылдам. (16, 245)

Қазіргі тіл үйретуде осы сөйлемді перифраз жасау бойынша осы анықтамаға келетін түсінікте тапсырмалар беріліп, білім алушылардың тілді білу деңгейі бағаланып жүр. Сондықтан тіл үйрету барысында үйренушілердің сөйлемдерді перифраза жасауға үйретіп, сөздік қорын кеңейтуге көп көңіл бөліне бастады.

1. Лингвистикалық талдау. Алдымен оқытудың бірінші кезеңінде білім алушыларға сөйлемді ауыстырып айтудың тілдік негіздерін түсіндіру қажет. Оған мыналар кіреді:

Перифраз туралы түсінік

Перифраз функциялары

Перифразалау әдістері

Сөйлемдерді перифраза тәсілімен қайта жазудың бірнеше негізгі үйрету тәсілдері бар:

1.1 Перифразалаудың тілдік негіздерін түсіндіру. Бұл процесс перифразалау ұғымын түсіндіруді, перифразалау қызметін, тәсілдерін, тәсілдерінің тілдік ерекшеліктерін ұғындыруды қамтиды.

1.2 Перифраза жасау үлгілерін талдау

Білім алушылардың теориялық алған білімдерін бекіту үшін сөйлемдерді перифраза жасау мысалдарын қарап, талдауды ұсынған жөн. Бұл оларға перифраза жасаудың тәсілдерін тәжірибеде қалай қолдана алатындығын түсінуге көмектеседі.

1.3 Жаттығулар

Перифраза жасауда барлық тіл үрету барысындағыдай жаттықтыру тапсырмаларын орындау маңызды кезең болып табылады. Жаттығулар түрліше құралып, барлық перифразалау тәсілдерін қамтуы тиіс.

Перифраза жасаудың бірнеше қолданылып жүрген тәсілдері бар:

1. Синоним сөздермен алмастыру

Бұл жаттығуларда білім алушыларға сөйлемдегі сөздерді синонимдермен алмастыру ұсынылады. Мысалы:

Бастапқы сөйлем: Мен кітап оқығанды жақсы көремін.

Перифраз: Мен кітап оқығанды ұнатамын.

2. Сөз ретін өзгертуге арналған жаттығулар

Бұл жаттығулар білім алушыларға сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін өзгертуді сұрайды.

Мысалы:

Бастапқы сөйлем: Кітап үстел үстінде.

Перифраз: Үстелде кітап тұр.

3. Сөздерді қосу немесе алып тастау жаттығулары

Бұл жаттығулар білім алушыларға сөйлемдегі сөздерді қосу немесе алып тастауды сұрайды. Мысалы:

Бастапқы сөйлем: Ол өте бақытты болды.

Перифраз: Ол керемет бақытты болды.

4. Грамматикалық форманы өзгертуге арналған жаттығулар

Бұл жаттығуларда білім алушыларға сөйлемдердің грамматикалық түрін өзгерту ұсынылады. Мысалы:

Бастапқы сөйлем: Мен кітап оқимын.

Перифраз: Мен кітапты оқимын.

5. Стыльдік сөздерді қолдануға жаттығулар

Бұл жаттығуларда білім алушыларға сөйлемдерді қайталау үшін сөйлеудің стильдік фигураларды пайдалану ұсынылады. Мысалы:

Бастапқы сөйлем: Аспан көк болды.

Перифраз: Аспан көгілдір, ертегідегідей болды.

Алайда жалқы есімдер мен негізгі терминдерді ауыстыруға, өзгертуге болмайды.

1.4 Дидактикалық материалдарды қолдану

Түрлі дидактикалық материалдар – оқулықтар, жұмыс дәптерлері, интернет-қор негізінде перифраза жасауға үйретуге болады. Түрлі грамматикалық жне лексикалық тақырыптардағы берілген материалдар сөлемдерін перифразалауға немесе сол тақырыптарға қатысты сөлемдерді алып, перифразалау тапсырмаларын беруге болады.

Пікір алмасу мысалдарын талдау: Теориялық білімдерін бекіту үшін білім алушыларға сөйлемдерді қайталау мысалдарын талдауды тапсыру керек.

Практикалық жаттығулар: Жаттығулар әртүрлі және перифразаның барлық әдістерін жаттықтыруға бағытталған болуы керек.

Дидактикалық материалдарды пайдалану: Сөйлемдерді қайталауды үйрету үшін әртүрлі дидактикалық материалдарды қолдануға болады, мысалы:

Оқулықтар

Әдістемелік құралдар

Жұмыс дәптерлері

Интернет ресурстары

Түпнұсқалық материалдарды пайдалану: Көркем әдебиет мәтіндері, жаңалықтар мақалалары, фильмдер және телешоулар сияқты түпнұсқалық материалдарды пайдалану оқушыларға нақты өмір контекстінде перифразалау дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану: компьютерлік бағдарламалар мен қолданбалар сияқты АКТ-ны пайдалану оқушыларға оқу материалдарының кең ауқымын қайталауға, сондай-ақ олардың үлгерімін бақылауға көмектеседі.

Перифразалауға үрету барысында теориялық материалдарды еске түсіріп, сөздік қорларын да молайтып отырудың маңызы өте зор. Себебі сөйлемдерді перифразалап, қайта жазу барысында тіл ерекшелігін (Үндестік заңы, тілдегі сөйлем құрылымы, баяндауыш қызметі), ережелерді ескеру қажет, бастысы сөйлем мазмұны сақталуы тиіс.

3. Қорытынды

Сөйлем мағынасын сақтап, өз сөзімен жазуды үйрету кез келген тілді, соның ішінде қазақ тілін үйренудің маңызды аспектісі болып табылады. Бұл білім алушыларға өз ойын анық, дәл және бейнелі жеткізуге, сонымен қатар қайталаудан аулақ болуға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Гальперин И.Р. Очерки по стилистике английского языка. М.,1958.
- 2 Грехнева Л.В. Функции перифрастической номинации // Бодуэновские чтения: Бодуэн де Куртенэ и современная лингвистика: Междунар. науч.конф. (Казань, 11–13 дек. 2001 г.): тр. и материалы: в 2 т. / под общ. ред. К.Р. Галиуллина, Г.А. Николаева. Казань: Изд-во Казан. ун-та, 2001.Т. 1.
- 3 Катаева О.Ф. Риторические функции перифраза в газетном тексте: на материале англоязычной прессы: дис. ... канд. филол. наук: 10.02.04. М., 2002.
- 4 Отт К.А. Функциональный спектр перифразы в современных немецких печатных СМИ: дис. ... канд. филол. наук : 10.02.04. Иркутск, 2010.
- 5 Сидоров И. А. О функциональном подходе к перифразе // Языковая личность: аспекты лингвистики и лингводидактики: сб.: науч. тр. / ВГПУ. Волгоград: Перемена, 1999. с. 149 – 155
- 6 Сириуля М.А. Перифраз как экспрессивное средство языка газеты: семантико-прагматический аспект: дис. ... канд. филол. наук: 10.02.01. Кустанай, 2007.
- 7 Хамидова Л.В. Употребление перифрастических выражений в современной публицистической речи (на материале газет): дис. ... канд. филол.наук: 10.02.01. Тамбов, 1999.
- 8 Москвин В.П. Русская метафора: очерк семиотической теории. изд. 2-е, перераб. и доп. М.:ЛЕНАНД, 2006.
- 9 Ибрашева Т.К. Қазақ тіліндегі перифраздардың БАҚ тіліндегі прагмастилистикалық қызметі //Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің хабаршысы. – 2018. – С. 143.
- 10 Потебня А.А. Из записи по теории словесности. Харьков, 1905 - 217 б.
- 11 Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: Мектеп, 1976 - 345 б.
- 12 Болғанбаев, Б. Қазақ тілінің синонимдер сөздігі [Мәтін] / Б. Болғанбаев. - Алматы : Мектеп, 1975. - 308 б.

13 Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы. Қазақстан Республикасы Білім, Мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998 - 420 б.

14 Оралбаева Я. Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттарының полисемиялық мағынасы. - Алматы: Ғылым, 1979. - 155 б.

15 Солтанбекова А.А. Особенности употребления перифразы в казахском языке. Tiltanym. 2018;(2):15-20.

16 Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 440 б.

REFERENCES

- 1 Gal'perin I.R. Oчерki po stilistike anglijskogo jazyka. M.,1958.3.
- 2 Grehneva L.V. Funkcii perifrasticheskoj nominacii // Bodujenovskie chtenija: Bodujen de Kurtenje i sovremennaja lingvistika: Mezhdunar. Nauchkonf. (Kazan', 11–13 dek. 2001 g.): tr. i materialy: v 2t. / pod obshh. red. K.R. Galiullina, G.A. Nikolaeva. Kazan': Izd-vo Kazan. un-ta, 2001. T. 1.
- 3 Kataeva O.F. Ritoricheskie funkcii perifraza v gazetnom tekste: na materiale anglojazychnoj pressy: dis. ... kand. filol. nauk: 10.02.04. M., 2002.
- 4 Ott K.A. Funkcional'nyj spektr perifrazy v sovremennyh nemeckih pechatnyh SMI: dis. ... kand. filol. nauk : 10.02.04. Irkutsk, 2010.
- 5 Sidorov I. A. O funkcional'nom podhode k perifraze // Jazykovaja lichnost': aspekty lingvistiki i lingvodidaktiki: sb.: nauch. tr. / VGPU. Volgograd: Peremena, 1999. S. 149 – 155.
- 6 Sirivlja M.A. Perifraz kak jekspressivnoesredstvo jazyka gazety: semantiko-pragmaticeskij aspekt: dis. ... kand. filol. nauk: 10.02.01. Kostanaj, 2007.
- 7 Hamidova L.V. Upotreblenie perifrasticheskikh vyrazhenij v sovremennoj publicisticheskoy rechi (namaterialie gazet): dis. ... kand. filol. nauk: 10.02.01. Tambov, 1999.
- 8 Moskvina V.P. Russkaja metafora: oчерk semioticheskoy teorii. Izd. 2-e, pererab. i dop. M.: LENAND, 2006.
- 9 Ibrasheva T. K. Kazak tilindegi periphras dardyn BAK tilindegi pragmatistikalыk kызmet // Batys Kazakhstan innovationalыk-technologiyalyk universitetin khabarshysy. - 2018. – p. 143.
- 10 Potebnja A.A. Iz zapisi po teorii slovesnosti. Har'kov, 1905 - 217 b.
- 11 Qabdolov Z. Soz oneri. Almaty: Mektep, 1976 - 345 b.
- 12 Bolganbaev, B. Kazak tilinin sinonimder sozdigi [Matin] / B. Bolganbaev. - Almaty : Mektep, 1975. - 308 b.
- 13 Kazak tili. Jenciklopedija. Almaty. Kazakstan Respublikasy Bilim, Madeniet zhane densaulyk saktau ministrliги, Kazakstan damu instituty, 1998 - 420 b.
- 14 Oralbaeva Ja. Kazak tilindegi etistiktin analitikalyk formantтарынын polisemijalyk magynasy. - Almaty: Fylym, 1979. - 155 b.
- 15 Soltanbekova A.A. Osobennosti upotreblenija perifrazy v kazahskom jazyke. Tiltanym. 2018;(2):15-20.
- 16 Qaliev G. Til bilimi terminderinin tusindirme sozdigi. – Almaty: Sozdik-Slovar', 2005. – 440 b.

Аннотация

В данной статье рассматриваются различные способы обучения перифразированию предложений в казахском языке обучающихся. Автор проводит лингвистический анализ способа обучения, а также предлагают дидактические материалы для их реализации.

Целью данной статьи является анализ различных методов обучения перифразированию предложений в казахском языке обучающихся, а также разработка дидактических материалов для их реализации.

В статье используются следующие методы исследования:

- **Лингвистический анализ:** Автор проводит лингвистический анализ различных способов перифразирования предложений в казахском языке.
- **Анализ литературы:** Автор анализируют научную литературу по теме обучения перифразированию в казахском языке.

- **Разработка дидактических материалов:** Автор разрабатывает дидактические материалы для обучения перифразированию предложений в казахском языке.

В статье представлены следующие результаты: Анализ различных методов обучения перифразированию предложений в казахском языке.

- Разработка дидактических материалов для обучения перифразированию предложений в казахском языке.

Обучение перифразированию предложений в казахском языке является важным аспектом развития языковой компетенции обучающихся. Использование лингвистически обоснованных методов обучения и разнообразных дидактических материалов может помочь обучающимся овладеть этим навыком и улучшить свои языковые навыки.

ANNOTATION

This article discusses various ways of teaching students to paraphrase sentences in the Kazakh language. The author conducts a linguistic analysis of the teaching method, and also offers didactic materials for their implementation.

The purpose of this article is to analyze various methods of teaching students to paraphrase sentences in the Kazakh language, as well as to develop didactic materials for their implementation.

The article uses the following research methods:

- Linguistic analysis: The author conducts a linguistic analysis of various ways of paraphrasing sentences in the Kazakh language.

Literature analysis: The author analyzes scientific literature on the topic of teaching paraphrasing in the Kazakh language.

- Development of didactic materials: The author develops didactic materials for teaching paraphrase of sentences in the Kazakh language.

The article presents the following results: Analysis of various methods of teaching paraphrasing sentences in the Kazakh language.

- Development of didactic materials for teaching paraphrasing sentences in the Kazakh language.

Development of didactic materials for teaching paraphrasing sentences in the Kazakh language.

Learning to paraphrase sentences in the Kazakh language is an important aspect of the development of students' linguistic competence. Using linguistically sound teaching methods and a variety of teaching materials can help learners master this skill and improve their language skills.